

Ұлытау ауданы аумағында тұратын 1995 жылы туған азаматтарды 2012 жылы қаңтар-наурыз айларында әскерге шақыру учаскесіне тіркеу туралы

Қарағанды облысы Ұлытау ауданы әкімінің 2011 жылғы 14 желтоқсандағы N 06 шешімі. Қарағанды облысы Ұлытау ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 22 желтоқсанда N 8-16-75 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңдарына сәйкес, Ұлытау ауданының әскерге шақыру учаскесіне 2012 жылдың қаңтар-наурыз айларында 1995 жылы туылған азаматтарды тіркеу жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында Ұлытау ауданының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 1995 жылы туған азаматтарды Ұлытау ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімнің әскерге шақыру учаскесіне әскери есепке тіркеу жұмыстары 2012 жылдың қаңтар-наурыз айлар аралығында жүргізілсін.

2. "Ұлытау ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (майор Руслан Нүсіпханұлы Шакерхановқа келісім бойынша):

1) аудандағы ұйымдарда, мекемелерде, кәсіпорындарда жұмыс істейтін тіркеуге жататын азаматтардың тізімін сұратып алу;

2) азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеу жұмыстарын ұйымдастыру шаралары жөнінде аудан әкімдігіне ұсыныс беру тапсырылсын;

3) Барлық аудан орта мектептер арасында жоғары әскери оқу орындарына үгіт н а с и х а т ж ұ м ы с ы н жүргізілсін.

3. Осы шешімнің орындалысына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Берик Базылұлы Ақышбековке жүктелсін.

4. Осы шешім ресми жарияланғаннан соң он күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *Ә. Омаров*

"КЕЛІСІЛДІ"

2011 жыл 14 желтоқсан

"Ұлытау ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы *Р. Шакерханов*